| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | ***№16.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,*<br>*Жаттығуды жасайық.* | ***№19 Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№20 Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.*<br>*Еңкейеміз еденге,*<br>*арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | ***№ 21 Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар,* | ***<u>№14 Ояну</u>***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***1 – жағдай.***<br>*Екі бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүгіргенде құлап, аяғын жарақаттап алды. Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері.*<br>*Сұрақ: Мысалы, Арсен дұрыс жасады ма? Сен қалай ойлайсың? Неге? т.б.*<br>*Балалар бір-біріне жұбату сөздерін айтады. Мысалы, Дана қолын есікке қыстырып алды, сен қалай жұбатасың, Назерке көйлегін жыртып алды. Қалай жұбатар едің? т.с.с.*<br>***2 – жағдай.***<br>*Әже ауырып жатыр. Ернар теледидардың даусын қатты шығарып, күліп отыр. Ернардікі дұрыс па?*<br>*Неге? т.с.с. сұрақтар қою, жауап алу.* | ***Логикалық тапсырмалар.***<br>*Жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін ( бетперделерін кигіземін). Өздері сондай шыдамсыз, бір орында отыра алмайды екен. Жан-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен (балалар көріністі көрсетеді).*<br>*Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты. Әдептілік еліне ұшып бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға қонуға тура келіпті (Ханшайым келеді).*<br>***Ханшайым:*** *Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым. Мынау әдепсіздер орманы емес пе? Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған. Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді.*<br>***Ханшайым:*** *(ойланады) Сиқырлы таяғыммен сыпайылық елінен* | ***Сұрақ - жауап.***<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар ертеде сыпайылық елінде Бақтияр деген бала болыпты. Оның достары көп екен. Бәрінен қоян мен кірпіні жақсы көреді екен. Бір күні Бақтияр далаға шықса, екеуі ренжісіп отыр екен. (Қоян мен Кірпі отырады).*<br>***Бақтияр:*** *Екеуіңе не болған, ренжісіп қалдыңдар ма?*<br>***Қоян :*** *Мен кірпімен дос болмаймын. Ол әдепсіз. Мен оған сәлем, достым десем, жауап бермейді.*<br>***Кірпі:****Сол сөзді жүз рет айтасың, сені кеше ғана көрдім ғой.*<br>***Бақтияр:*** *Кірпі, оның не, қоян досым ауырып қалсын дейсің бе?*<br>***Кірпі:*** *Жоқ, мен ауырып қалғанын қалаламаймын.*<br>***Бақтияр:*** *Сәлеметсіз бе, деген сөз денің сау ма, ауырып қалма деген сөз емес пе?*<br>***Қоян:****Сен өзің ғой, мені қыли деп мазақтай бересің.*<br>***Кірпі:*** *Сен өзің менің атымды атамай, әй, сен деп айқайлайсың.*<br>***Бақтияр:*** *Ой,* | ***«Ұқыпты қыз» әңгімесін оқып беру.***<br>*Анар деген кішкентай қыз өте ұқыпты болыпты.Ол даладан ойнап үйге кірген бетте,қолын сабынмен жуып,киімдерін ауыстырады екен.Бірде анасы үйді ретке келтірейін деп Анардың бөлмесіне кірсе,ол киімдерін бүктеп,кітаптарын ретке келтіріп,сөрелерге өзі әдемілеп жинап қойыпты.Ойыншықтарды да өз орнында.Анасы қызының есейгенін байқап,ұқыптылығына риза болдады.*<br>***Сұрақ қою.***<br>*-Анарды қандай қыз деп айтуымызға болады?*<br>*-Анасы Анарға неліктен риза болды?*<br>***Ойын. «Жақсы мен жаман»***<br>*Допты алған бала жақсы немесе жаман әдеттерді айту керек. Мысалы: • Жаман - ойыншықты жинамау. • Жақсы - ойыншықты жинау*<br>*Қортынды*<br>*Сұрақ- жауап.* | ***Ой қозғау:***<br>*-Жыл мезгілдеріне саяхат.*<br>*-Сюжетті суреттермен жұмыс.*<br>*-Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*Әр мезгілдегі табиғатты ң көрінісін ата?*<br>*-Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды?*<br>*-Қазір қай мезгіл?*<br>***Ой дамыту.***<br>*-Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдікте р, құстар,жануарлар т.б.)*<br>*-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.*<br>***Тренинг ойын***<br>*-Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару.*<br>*-Елестету. (көзді жұму) 4 жыл мезгілі.*<br>***Ой толғаныс.***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?*<br>*Табиғат байлықтарына нелер жатады?*<br>*-Оны қорғау деген не?*<br>*-Табиғатты сүйе білу деген не?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *достарымды шақырайын (кетеді).*<br>***Миға шабуыл.*** *Балалардың көмегі. Не істеді және не деді деп ойлайсыңдар?*<br>**.............................** | *жайларың белгілі болды достар бір-біріңді сыйлап, құрметтеу керек.*<br>***Қоян****: Кірпі, кешір досым.*<br>***Кірпі:*** *Сен де мені кешір. Татуласайық қоян досым*<br>***Татуласу.***<br>*Әкел, досым қолыңды*<br>*Татуласқан орынды*<br>*Өкпелесіп не таптық*<br>*Көрсет, кәне соныңды*<br>*Баққа бірге кірейік*<br>*Қол ұстасып жүрейік*<br>*Татулықтың белгісі*<br>*Кел, қосылып*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Бағдаршам»***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті», - деп,* ***Ж. Қалжанованың «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады.***<br>*Қасқыр:*<br>*Еркін өсіп далада,*<br>*Келдім бүгін қалаға.*<br>*Қиналдым көше тәртібін*<br>*Кіргізе алмай*<br>*санама. Музыка әуенімен қимылдар жасайды.*<br>*Желаяқ:*<br>*Бағдаршамға қараймын,*<br>*Қараймын мен таңдана.*<br>*Өшіп-жанған көзінің*<br>*Алмай сырын аңғара. –*<br>*Иә, Қасқыр, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе?* | *Балаларды мадақтау.* | ***Денешынықтыру***<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдап жүгіріп өтеді). Тұлпар: Ережесін көшенің Шемішкедей шағамын. Болмай ма екен тұлпардай, Баяу өте алатын. (Ақырындап жүріп өтеді). Қоян: Ой-ой, мына қасқырды Көріп тұрмын тұңғыш рет. Қайдан келген бұл өзі? Қалалықтан емес бұл. (Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді). Қоян: Әй, әй, Қасеке, Не көрінді өзіңе, Қарасаңшы көзіңе! Бағдаршамға қиылып, Қараймын мен жымиып, Сары көзі жанғанда, Үлгеремін жүгіріп. (Қызыл да жанып үлгереді, артынанҚасқыр жүгіреді). Арыстан: Әй, Қоян, бері кел, бері, Әрі-бері жүгіре берме! Ауылдан келген қасқырға Үйрет мына ережені! Қоян:Арыстан аға, құп болады! Тек қасқырға айтыңызшы, Мені қуа бермесін, Айтқанымды тыңдасын. Арыстан: Кел бері, Қасқыр, қасыма, Сенің құлағың - Қоянда, Ал көзің бағдаршамда болсын! Түсіндің бе?* | | *жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою) Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.* ***Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).*** *Терең тыныс алып, демді шығару. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:* ***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру****. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілу.* ***2.«Аюлар» – тіке бағытта төрт аяқтап еңбектеу.*** *Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.* ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».*** *Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.* ***Ойын жаттығуы: «Жұбыңды тап!».*** *Тағы да балалардың есіне салады, барлық балалар бір-бірін сыйлап, кішіпейіл болуы керек, бірлесіп тату-тәтті ойнап, ренжіспеуі керек.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Қасқыр:<br>Әй, Арыстан аға Қоянға күнім түсті ғой. Амал қанша, қайтейін?<br>Қоян: (Ескерту белгісі) Үшбұрыш қызыл көрінсе - «Абайла, Қасқыр!» (Тыйым салу белгісі) Дөңгелек қызыл шеңберде -«Тоқтай қал, Қасқыр!» (Көрсеткіш белгісі) Дөңгелек көк шеңбер ме -«Жолыңыз ағайын».<br>Түсіндің бе, Қасеке? Ха-ха-ха!<br>Қасқыр: Түсіндім, болды енді,<br>ыржалақтай бермей!<br>Арыстан кетер,<br>күнім өзіме келер-р-р-р!<br>Арыстан: Жол тәртібін білейік,<br>Аман-есен жүрейік.<br>Қасқыр: Барар жерге асықпай,<br>Қоян: Аман-есен жетейік.<br>Ән: «Жолаушылар жыры»(Ж. Қалжанова).<br>Сұрақ –жауап.<br>- Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады ма?<br>- Жол ережесін естеріңе сақтаңдар, жолдан жүгіріп өтуге болмайтынын естен шығармаңдар.<br>- Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз?<br>Смайлктер беру* | | |
| Балалармен<br>Жеке<br>жұмыс | ***Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты:*** *қар мен жаңбырды ажырата білу,* | ***Картотека №9<br>«Үй жануарлары»<br>Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді* | ***Картотека №12<br>«Не артық?» Мақсаты:*** *Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға* | ***Картотека №17 «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты:*** *суреттен* | ***Картотека №19 «Қысқы тіршілік» Мақсаты:*** *қыстап қалатын құстардың жеке* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | *ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.* | *үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.* | *көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.* | *атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 16***<br>*Қарғаны бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>*Адамдардың қысқы киімін бақылау.* | ***Картотека № 18***<br>*Мұздақты бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 20***<br>*Боранды бақылау.* |
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың Үйге қайтуы | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ойын бұрышына жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Неге керек?» Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу.* | *Топ бөлмесіне жинақылық жасау. Дидактикалық ойын: «Орнын тауып бер» Мен үйге барамын.* | *Ата – анамен әңгіме. Баланы үйге шығарып салу. Демалыс күндері жайлы әңгімелеу. Тазалық туралы ескерту. Сау болыңыз.* |

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

«Айгөлек» шағын орталығы

Топ: Ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 19.02 – 23.02.2024ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналарағa ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №3***<br>***«Жыл мезгілдері»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Картотека №6***<br>***«Табиғат құбылыстарын ажырат»***<br>***Мақсаты:*** *Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | ***Картотека №10***<br>***Жер,су,ауа***<br>***Мақсаты:***<br>*балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге,жер де ,ауада,суда не болатын-ны дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.* | ***Картотека № 13***<br>***«Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты:***<br>*балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | ***Картотека №-19***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.* | *Ерте тұрып күнде мен*<br>*Тереземді ашамын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | *«Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып кеште қайтамыз.* | *Тұрсақ егер шеңберге,<br>Алақанды ұрайық* | *Сәлем деймін күнге мен<br>Шаттық әнге саламын.* | *Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!* | *Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!* |
| Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | ***Тосын сәт.***<br>*Хатшы хат пен қорапша әкеледі.*<br>***Хатты оқу.***<br>*Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Суреттер сөйлейді.***<br>*Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік.*<br>***1-топ. Аққала тобы***<br>***2- топ Ақшақар тобы.***<br>*1-топ Аққала тобына тапсырма.*<br>***Суретке қарап қыс мезгілі туралы әңгіме құраңдар?***<br>*2- топ Ақшақар тобына тапсырма.*<br>***Қысқы еңбек туралы суретке әңгіме құраңдар***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***2- тапсырма.***<br>***Миға шабул.***<br>***Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?***<br>*1.Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады.* ***(қар)***<br>*2.Тісі жоқ,тістеп алады.<br>Қолы жоқ, сурет салады.* ***(аяз)***<br>*3.Мені қардан жасапты,<br>Ойланып көр* | ***Таңғажайып сәт.***<br>*Қар Ханшайымының сәлемдемесі.*<br>***Сиқырлы сандықша.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>***Жұмбақтың шешуі арқылы***<br>*Сандықшаның ашылуы Тапсырмаларды орындау.*<br>***Ой дамыту***<br>***1 тапсырма***<br>***Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?»*** *Мнемо кестемен жұмыс*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*- Қыс мезгілі.*<br>*Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?*<br>*- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.*<br>*Қыс мезгілінде қалай киінеміз?*<br>*- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>***2 тапсырма.***<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Қысқы киімдерді құрастыру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>***«Боран» дауыс***<br>*Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар?Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз*<br>*(қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс* | ***« Қысқы ойын-сауық » тақырыбына сюжеттік суреттер сериясын көрсету.***<br>***Тәрбиеші :***<br>*1. Мына суреттегі кім? Олар не істеп жатыр?*<br>*2. Балалар құстарды немен тамақтандырады?*<br>*3. Қоректендіргішке қандай құстар ұшып келді (сауысқан, қарға, торғай)*<br>*4. Басқа балалар не істеп жатыр?*<br>*5. Шанамен кім айналысады? Олар қайда мінеді?*<br>*6. Шаңғымен кім айналысады? Олар қайда мінеді?*<br>*7. Басқа балалар не істеп жатыр?*<br>*8. Серуен кезінде балалардың көңіл-күйі қандай?*<br>*9. Қалай ойлайсыңдар, балалармен серуен қалай аяқталады?*<br>*10. Қар туралы не деуге болады? (жұмсақ, ылғалды, суық, қытырлақ.)*<br>***Сергіту сәті: Қыс қызығы. Музыкамен.***<br><br>***Қысқы ойын түрлері.***<br>*Қыста ойынға шығу үшін қалай киінеміз?*<br>*Егер қалың киінбесек не* | ***Ой қозғау.***<br>*Қысқы ойын-сауық туралы әңгімелесу.*<br>*Балалар, қыс - жылдың тамаша мезгілі. Осы тамаша мезгілмен біз келер жылға дейін қоштасамыз. Қыс өте көңілді болғандықтан үйге кіргіміз келмейді.*<br>*Ал біз қыста далада қандай қызықты нәрселер жасаймыз.*<br>*Шаңғы тебуге, коньки тебуге, хоккей ойнауға, қардан бекіністер салуға, қардан адам жасауға, қар лақтыруға болады.*<br>*Қыста қандай табиғат құбылыстары болады ?*<br>***(Аяз, аяз, қарлы боран, боран, қар жауады, суық).***<br>*Жел қандай?* ***(Күшті, жылдам, суық, екпінді, аязды).***<br>*Қыста суда не болады?*<br>***(олар мұзбен жабылған)***<br>*Тек қыста не болады?*<br>***(Қар).***<br>*Қар қандай?* ***(Жеңіл, жарқыраған, ақ, суық, үлпілдек, бос).***<br>*Жарайсыңдар!*<br><br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Біз бүгін Нағыз ғалым ретінде зерттеу*** | ***Ой дамыту.***<br>***Б.Жақып «Сырғанақ»***<br>***-Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.***<br>***-Өлең мазмұнын ашу.***<br>***-Жаттауға үйрету.***<br>*Біз тебеміз сырғанақ<br>Таудан төмен сырғанап<br>Бір шанада екеуміз<br>Құламайды екенбіз..............*<br>***Дидактикалық ойын: «Мені жалға»***<br>*Мен сендерге бір сөзді айтып, қар кесегін лақтырамын, ал сендер оны маған қайта лақтырып , бұл сөзді басқаша атайсыңдар,*<br>***Мысалы: қыс - аппақ.***<br>***Аяз*** *- суық*<br>***Қар*** *- қалың*<br>***Мұз –*** *сырғанақ*<br>***шана-*** *зулайды*<br>***тон*** *- қалың*<br>***Жарайсыңдар***<br><br>***Дидактикалық ойын: «Жақсы» - «Жаман» тапсырмасы .*** *Екі командаға бөлінеміз. Сіздің ойыңызша қыс жақсы ма, жаман ба? Бірінші топ маған қыстың неге жаман екенін , ал екінші топ қыстың жақсы екенін дәлелдейді. Қажетті суреттерді таңдап, оларды өз орнына* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Қолым-таяқ,*<br>*Мұрным-сәбіз,*<br>*Көзім-көмір.* ***(аққала)***<br>*4.Қырға сүйреп шығам,*<br>*Ойғы мініп түсем.* ***(шана)***<br><br>*5.Өзі судан жаралған,*<br>*Бірақ судан қорқады.* ***(мұз)***<br>*6.Су да, мұз бар,*<br>*Жер де, қар бар.*<br>*Боран басып соғады.*<br>*Бұл қай кезде болады?* ***(қыс)***<br>*Екі топты мадақтау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Боран соғар оң жақтан,*<br>*Боран соғар сол жақтан.*<br>*Қар лақтырып ойнасақ,*<br>*Суық өтер қолғаптан.*<br>***3-тапсырма***<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>***1-топ Аққала тобына тапсырма.***<br>*Воскобович әдісін қолдана отырып, қысқы ағаштарды құрастыру құрастыру.*<br>*Ағашқа қиылған қар ұлпаларын жапсыру.*<br>***2- топ Ақшақар тобына тапсырма:***<br>*Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығын пайдаланып, қысқы ағаш келбетін салу.(сурет)*<br>*Ағаш қасына ермексаздан аққала мүсіндеу.(мүсіндеу)*<br>***4-тапсырма***<br>***Қыс мезгілі туралы тақпақ***<br>*Жауды,міне қар аппақ,*<br>*Айналаның бәрі аппақ.*<br>*Жасырыпты жолдарды,*<br>*Тегістепті оларды.*<br>*Екі топты мадақтау.* | *шығарып гуілдейді.)*<br>*Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып,аяқтарын топылдатады).*<br>*-Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды). қайталау.*<br>***3 тапсырма. Ой қозғау***<br>*Сұрақ- жауап.*<br>*Қардың артынан тапсырма орындау.*<br>*-Қоян қыста қандай түске енеді?*<br>*-Неліктен?*<br>*Аю қыста не істейді?*<br>*-Неге?*<br>*Түлкі мен қасқыр не істейді?*<br>*Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қор-ғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйық-тайды, ол бал жейді.*<br>*Қу түлкі, тышқан, құс аулайды.*<br>***4-тапсырма: Дид ойын: «Қыс келбеті»***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ: Майшам арқылы мұзды бейнелеу.***<br>***Шарты:*** *Ақ қағазға майшаммен шимай бейне салу.Үстін көк су бояқпен бояу.*<br>***2-топ:*** *Ағаштарға қар ұлпаларын жапсыру.*<br>***3-топ:*** *Құстардың ұясына* | *болады?*<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Қысқы киімдерді құрастыру.*<br><br>***1-ойын түрі.***<br>***Дидактикалық ойын: «Қар адам»***<br>*Балалар қардан емес, қағаздан қар жасайық. Үстелде қағаз парақтары бар, онда дөңгелек пішіндер таратылған.. Пішіндерді ретімен қойып жапсырамыз, енді біз жарма ұнтағын, желіммен жағылған дайындаманың бетіне мұқият құямыз.*<br>***Міне қыста осылай қармен аққала жасап ойнауға болады.***<br><br>***2-ойын түрі:***<br>***Дидактикалық ойын: «Шанамен сырғанаймыз»***<br>***Шарты:*** *Әр түрлі түсте қиылған геометриялық пішіндерден шана құрастыру.*<br>*Шанаға жіп тақсақ сүйреп жүруге ыңғайлы болады.*<br>***Дидактикалық ойын: «Шанаға жіп»***<br>***Шарты:*** *ермексаздан созу, есу арқылы шанаға жіп салу.*<br>***Талдау.***<br>***Тәрбиеші : -*** *Балалар, бүгін біз не туралы сөйлестік? Балаларды мадақтау.* | ***жұмыстарымен айналысатын боламыз.***<br>*Ендеше біз бүгін бірнеше* ***тәжірибелер жасап , қардың*** *қасиеттерін анықтаймыз*<br>***Ой дамыту.***<br>***Қар дегеніміз не*** *?*<br>***Қар –*** *жерге түсетін жауын-шашын түрі. Ол кішкентай мұз кристалдарынан тұрады.* ***Қар*** *, жаңбыр сияқты, бұлттан жауады. Су буы жер бетінен өте жоғары көтеріледі. Кристалл үнемі өсіп, ақырында әдемі жұлдызға айналады. Қарды тамашалай отырып, біз* ***қар*** *бүршіктерінің пішіні ауа райына байланысты өзгеретініне назар аударамыз.*<br>***Тәжірибе №1***<br>***«Қар қасиеті»***<br>*- Біздің үстелде, стақанда бір кесек* ***қар жатыр*** *. Алдымен алақаныңызға қараңыз, олар қаншалықты құрғақ?* ***Қарды*** *қолыңа алып , оның не екенін айт.*<br>***Қортынды:***<br>*Жауаптар: суық, ақ, жарық.*<br>***Тәжірибе№2***<br>***«Қардың еруі» қолымыздағы қарға не болатынын көрейік.***<br>*Қар қолымыз жылы болғандықтан еріп кетті,* | *орналастыру.*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дидактикалық ойын: «Қысқы пейжаз»***<br>***Шарты:*** *Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру*<br>***Дидактикалық ойын: «Қар ұшқындары»***<br>*- Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен. Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей ме? Үлкен қар ұшқынын көрсету «Бұл қандай қар ұшқыны? Кіші ме, үлкен бе?»*<br>*Балалар: үлкен*<br>*Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай!*<br>***Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршіктерін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерін жапсырайық.***<br><br>***Дидактикалық ойын: «Қар қиыршықтары»***<br>*Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу.*<br>***Үстінен ақ бояумен бояу.***<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ –жауап***<br>*Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).*<br>***Қортынды***<br>*Біз қыс мезгілімен* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қорытынды.***<br>*Балалар , жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар!*<br>*Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық.*<br>*Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады.*<br>*Балаларға тәтті кәмпитерді беру.*<br>*Мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Анашым – мақтанышым»***<br>***Музыка тыңдау:*** *«Жан анам» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева)Тыңдаған әннің кім туралы екенін, қандай көңіл күйде жазылғанын сұрау, әңгімелеу. Өз аналары туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Музыканың сипатын сөз ету.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Әлди-әлди» халық әні. Бұл ән ұйықтар алдында айтылатындықтан әнді айғайламай, байыппен, баяу айту қажет.*<br>***Ән айту:*** *«Ақ мамам» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог өзі орындап, балалардан сұрақ-жауап алады. Әннің кім туралы айтылғанын, қандай көңіл күйде орындалатынын (көңілді, көңілсіз, баяу, жүрдек) әңгімелеу. Әннің мәтінін қайталап, әуенге қосылып айту. Балалар мәтінді анық айтуын, бір-бірін тыңдай отырып әндетуін қадағалау.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** | *ермексаздан діндер толтырп жасау.*<br>***Жасаған жұмыстарды суретке түсіріп, Қар ханшайымына жіберу.***<br>***Қортынды***<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>***(Мұз)***<br>***Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу ұіә аяқтау***<br><br>***Денешынықтыру***<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»*** | | *қар тек салқын жерде ғана өз қалпын ұстап тұрады.*<br>***Қортынды: Қар еріп, суға айналды.***<br>***3-тәжірибе***<br>***«Қарды бояуға бола ма?»***<br>***Қарды*** *қарапайым тағамдық бояғыштармен немесе бояулармен бояуға болады және оның қалай боялатынын, бояу қар массасына қандай жылдамдықпен енетінін дәл бақылау керек.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Арқанмен жалпы дамыту жаттығулары...***<br>***1. б.қ.: арқанды екі қолмен жоғарыдан ұстап тұру.***<br>*1 - арқанды жоғары көтеру, оң аяқты аяқ ұшымен артқа қою; 2 бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен солай (5-6 рет).*<br>*2. б.қ.: Аяғы түзу, арқан төменде екі қолда. 1 - арқанды жоғары көтеру; 2 - еңкейю, еденге тигізу; 3 - түзу, арқанды жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа оралу ( 5-6 рет).*<br>*3. б.қ.: Негізгі ұстаным, екі қолды кеуде тұсында арқанмен ұстау. 1-2 - отыру, арқанды алға* | *қоштасып жатырмыз. Қыс мезгілі несімен ұнайды?*<br>*Қыс мезгіліне арнап тақпақ айтып берейік.*<br>***Уақыт мол бөлеміз,***<br>***Қыс қызығын көреміз.***<br>***Сары аязға шыңдалып,***<br>***Шымыр болар денеміз.***<br>***Балаларды мадақтау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Сылдырмақты серуен» (муз. Ж. Тезекбаев). Музыка әуеніне ілесіп сылдырмақтың көмегімен ырғақты қимылдар жасау. Балалардың ырғаққа дұрыс ілесіп орындауларын қадағалау. Әуенге ілесіп мәнерлі қимылдар келтіру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Анаң сені қалай еркелетеді? Сен анаңа қандай тілек айтар едің? Мына суретте сүйікті анаңа қандай гүлдерсыйлайсың?*<br>*Аналар мерекесінде өз анаңа не сыйлар едің? Әдемі моншақ сыйлағың келе ме?.*<br>*– Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі ұiә қалай өтті? – Анасына арнап кім ән айта алады? (үйренген әндерінен). қорытындылау, бағалау.* | ***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/ Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)*<br>*Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).***<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру****. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілу.*<br>***2.«Аюлар» – тіке бағытта төрт аяқтап еңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».*** *Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.*<br>***Ойын жаттығуы:*** | | *қарай көтеру; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет).*<br>*4. б.қ.: Тізе бүгіп, арқанды үстіңгі жағында ұстап, төменгі жағында. 1 - оңға бұрылу, сол аяқтың өкшесін қолмен ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. сол жақта солай (5-6рет).*<br>*5. б.қ.: Ішпен жатып, қолды шынтағымен бүгу 1 - арқанды алға және жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6рет).*<br>*6. б.қ.: Негізгі тіреу, төменгі жағында арқан. 1 - оң аяқты бүгу, арқанды тізеңізге қою; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен солай ( 5-6 рет).*<br>*7. б.қ.: Арқанның үстінен оңға және солға секіру, орнында немесе шеңбер бойымен кезектесін (3-4 рет).*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Ұзындыққа секіру*** *(арақашықтық 40 см) - 6-8 рет.*<br>***2. Доғалардың астында төрт аяғымен жүру****алдыңызда допты басымен итеру.*<br><br>***Қим ойын: «Үкі» ойыны.*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***«Жұбыңды тап!».***<br>*Тағы да балалардың есіне салады, барлық балалар бір-бірін сыйлап, кішіпейіл болуы керек, бірлесіп тату-тәтті ойнап, ренжіспеуі керек.* | | *Залдың бір жағында үкінің ұясы көрсетілген. Жүргізуші ұяға – үкіні орналастырылған. Қалған ойыншылар құстарды, көбелектерді, қоңыздарды және т.б. бейнелейді; олар бөлмеде шашыраңқы. Біраз уақыттан кейін педагог: «Түн!» Ойыншылар түн оларды ұстап алған күйінде орнында тоқтайды. Үкі ұясынан ұшып, қанаттарын қағып, кім қозғалатынына қарайды. Ұстағанды келгенді ұясына апарады, ал педагог: «күн!» Көбелектер, қоңыздар, құстар тіріліп, қайтадан айнала бастайды, ұшады. Екі аң аулау сапарынан кейін ұсталғандар саны есептеледі. Тағы бір үкі таңдалады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*- Спорттық құрал-жабдықтарды жинауды ұсынады.*<br>*-Балаларға бір қатарға түзелуге белгі беріп рахмет айтып қоштасу.*<br>*Ұйымдастырылған іс-әрекетінің нәтижесі бойынша сұрақтарға жауап береді:*<br>*-Өздеріне ұнаған жаттығуларын айтады* | |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Серуен № 2*** | ***Серуен № 5*** | ***Серуен № 11*** | ***Серуен №12*** | ***Серуен №15*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«Қарды бақылау»*** | ***Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.*** | ***Боранды бақылау.*** | ***Бұлтты бақылау.*** | ***Қысқы ауа-райын бақылау.*** |
| | | | | | |
| Серуеннен оралу | *Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен<br>жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.<br>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскі ас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | ***№16.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық<br>Қолымызды созайық<br>Енді қане бәріміз,<br>Жаттығуды жасайық.* | ***№19 Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық.* | ***№20 Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық.* | ***№ 21 Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,* | ***№14 Ояну***<br>*Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:***<br>*1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!<br>3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі<br>2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!<br>4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!<br>5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!* | ***Ой қозғау.***<br>*Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады?*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар қарандаршы бағдаршамның неше көзі бар?<br>Ал, түстері қандай?<br>Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді?<br>Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме? Ол не үшін қажет?<br>Балалардың жауаптары*<br>***Бағдаршам өлеңі***<br>*Бұл өлеңнің авторы–<br>С.Дүкенбай.<br>Бағдаршам біледі,* | ***Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!»***<br>*Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)<br>Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)<br>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).<br>Балалар ойынды қызыға ойнады.*<br>***Сұрақ- жауап алу.***<br>*Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?<br>-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?<br>Балалардың жауаптары.*<br>***6.Сергіту сәті.***<br>*Мәшине жүргізу.* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Дидактикалық ойын: «Жауабын кім табады?»***<br>*Шарты: балаларға екі қыздың суретін беру.<br>-Бұлар апалы-сіңлілі қыздар, олар бір-біріне қатты ұқсайды. Ал олардың бір-бірінен айырмашылығын кім таба алады.*<br>***Логикалық тапсырмалар***<br>***1.*** *Торғайларды санайық<br>Ағашта 2 торғай қонып тұр еді,<br>Ала мысықты көріп<br>1 торғай ұшып кетті<br>Ағашта қанша торғай* | ***Дид ойын: «Геометриялық лото»***<br>*М. Монтессори технологиясымен жұмыс.*<br>*Шарты: Балалар пішіндерге ұқсас заттарды жабыстырып қояды.*<br>***2-топқа тапсырма: Тақтамен жұмыс.***<br>***Дидактикалық ойын: «Көп және біреу»***<br>*Шарты: Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.*<br>***Дид ойын. «Пішіндерден жануарларды құрастыр»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Бәрін де көреді.*<br>*Адам да, көлік те,*<br>*Сол шаммен жүреді.*<br>*Бағдаршам, бағдаршам.*<br>***«Бағдаршам» ойыны:***<br>*Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ілмегі*<br>*Балаларды мадақтау* | ***Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлеу***<br>*1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.*<br>*2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Анашым – мақтанышым»***<br>***Музыка тыңдау:*** *«Жан анам» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева)Тыңдаған әннің кім туралы екенін, қандай көңіл күйде жазылғанын сұрау, әңгімелеу. Өз аналары туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Музыканың сипатын сөз ету.*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Әлди-әлди» халық әні. Бұл ән ұйықтар алдында айтылатындықтан әнді айғайламай, байыппен, баяу айту қажет.*<br>***Ән айту:*** *«Ақ мамам» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог өзі орындап, балалардан сұрақ-жауап алады. Әннің кім туралы айтылғанын, қандай көңіл күйде* | *қалды?*<br>**2 .** *Мирастын өзінде 1 алма болды,әжесі оған базардаң*<br>*1 алма сатып әперді*<br>*Мираста қанша алма болды?*<br>**3.** *Кірпі орманда өзіне 2 саныраукұлақты теріп алды.*<br>*1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды*<br>*Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды?*<br>**4.***Адамда неше көз бар?(2)*<br>*Балаларды мадақтау.* | ***1-топқа тапсырма.***<br>*Пішіндерден қоянды құрастырады*<br>***2-топ пішіндерден аюды құрастырады***<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Арқанмен жалпы дамыту жаттығулары...***<br>***1. б.қ.: арқанды екі қолмен жоғарыдан ұстап тұру.***<br>*1 - арқанды жоғары көтеру, оң аяқты аяқ ұшымен артқа қою; 2 бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен солай (5-6 рет).*<br>*2. б.қ.: Аяғы түзу, арқан төменде екі қолда. 1 - арқанды жоғары көтеру; 2 - еңкейю, еденге тигізу; 3 - түзу, арқанды жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа оралу ( 5-6 рет).*<br>*3. б.қ.: Негізгі ұстаным, екі қолды кеуде тұсында арқанмен ұстау. 1-2 - отыру, арқанды алға қарай көтеру; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6 рет).*<br>*4. б.қ.: Тізе бүгіп, арқанды үстіңгі жағында ұстап, төменгі жағында. 1 - оңға бұрылу, сол аяқтың өкшесін қолмен ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. сол жақта солай (5-6рет).*<br>*5. б.қ.: Ішпен жатып, қолды шынтағымен бүгу 1 - арқанды алға және* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *орындалатынын (көңілді, көңілсіз, баяу, жүрдек) әңгімелеу. Әннің мәтінін қайталап, әуенге қосылып айту. Балалар мәтінді анық айтуын, бір-бірін тыңдай отырып әндетуін қадағалау.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Сылдырмақты серуен» (муз. Ж. Тезекбаев). Музыка әуеніне ілесіп сылдырмақтың көмегімен ырғақты қимылдар жасау. Балалардың ырғаққа дұрыс ілесіп орындауларын қадағалау. Әуенге ілесіп мәнерлі қимылдар келтіру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Анаң сені қалай еркелетеді? Сен анаңа қандай тілек айтар едің? Мына суретте сүйікті анаңа қандай гүлдерсыйлайсың?*<br>*Аналар мерекесінде өз анаңа не сыйлар едің? Әдемі моншақ сыйлағың келе ме?.*<br>*– Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі ұiә қалай өтті? – Анасына арнап кім ән айта алады? (үйренген әндерінен). қорытындылау, бағалау.* | | *жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу (5-6рет).*<br>*6. б.қ.: Негізгі тіреу, төменгі жағында арқан. 1 - оң аяқты бүгу, арқанды тізеңізге қою; 2 - бастапқы қалыпқа оралу. Сол аяғымен солай ( 5-6 рет).*<br>*7. б.қ.: Арқанның үстінен оңға және солға секіру, орнында немесе шеңбер бойымен кезектесіп (3-4 рет).*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Ұзындыққа секіру*** *(арақашықтық 40 см) - 6-8 рет.*<br>***2. Доғалардың астында төрт аяғымен жүру****алдыңызда допты басымен итеру.*<br><br>***Қим ойын: «Үкі» ойыны.***<br>*Залдың бір жағында үкінің ұясы көрсетілген. Жүргізуші ұяға – үкіні орналастырылған. Қалған ойыншылар құстарды, көбелектерді, қоңыздарды және т.б. бейнелейді; олар бөлмеде шашыраңқы. Біраз уақыттан кейін педагог: «Түн!» Ойыншылар түн оларды ұстап алған күйінде орнында тоқтайды. Үкі ұясынан ұшып, қанаттарын қағып, кім қозғалатынына* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *қарайды. Ұстағанды келгенді ұясына апарады, ал педагог: «күн!» Көбелектер, қоңыздар, құстар тіріліп, қайтадан айнала бастайды, ұшады. Екі аң аулау сапарынан кейін ұсталғандар саны есептеледі. Тағы бір үкі таңдалады.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*- Спорттық құрал-жабдықтарды жинауды ұсынады.*<br>*-Балаларға бір қатарға түзелуге белгі беріп рахмет айтып қоштасу.*<br>*Ұйымдастырылған іс-әрекетінің нәтижесі бойынша сұрақтарға жауап береді:*<br>*-Өздеріне ұнаған жаттығуларын айтады* |
| Балалармен Жеке жұмыс | ***Картотека №10***<br>***«Жол әліппесі»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру* | ***Картотека №11***<br>***«Әдептілік»Мақсаты:*** *Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.* | ***Картотека №7***<br>***«Мамандықтың бәрі жақсы»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу* | ***Картотека №14***<br>***«Кімге не керек»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***Картотека № 18***<br>***«Өз мекеніне орналастыр»***<br>***Мақсаты:*** *Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Серуенге дайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Серуен № 2***<br>***«Қарды бақылау»*** | ***Серуен № 5***<br>***Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.*** | ***Серуен № 11***<br>***Боранды бақылау.*** | ***Серуен №12***<br>***Бұлтты бақылау.*** | ***Серуен №15***<br>***Қысқы ауа-райын бақылау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың<br>Үйге<br>қайтуы | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесуАта-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *«Баласының өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету».<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу<br>Ата-анаға;<br>«Балаңызға түстерді үйретесіз бе?»<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.<br>Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.* |